



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Республика игілігі» сериясынан «МЕДЕУ» коллекциялық монеталарының сатылымы басталғаны туралы

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылдың 22 ақпаны

Қазақстан Ұлттық Банкі 2021 жылдың 23 ақпанынан бастап «Республика игілігі» монеталар сериясынан «МЕДЕУ» коллекциялық монеталары сатылымға шығатынын хабарлайды.

Қалыптасқан эпидемиологиялық жағдай аясында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «МЕДЕУ» коллекциялық монеталарды онлайн-сату және жеткізу Ұлттық Банктің [интернет-дүкенінің](#) жаңартылған платформасы арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыстарды өңдеу белгілі бір уақытты қажет ететіндіктен, монеталарды сату бірнеше күнге бөлінеді.

«МЕДЕУ» коллекциялық монеталар туралы

«МЕДЕУ» монетасы дизайнының тұжырымдамасы атақты бөгеттің және «жарылыстан туындаған» мұз айдынының пайда болу тарихын суреттейді.

Монета дизайнының графикалық тұжырымдамасы бүкіл әлемге әйгілі «Медеу» биік таулы мұз айдынын қоршаған Іле Алатауының жартасты тауларын аллегориялық қабылдау негізінде жасалған.



«МЕДЕУ» монеталарының сипаттамасы:

Монеталар алтын жалатылған күмістен, массасы 24 грамм, диаметрі 37 мм, «proof» сапасымен, таралымы 3 000 (үш мың) данада дайындалды. Монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған.

Монетаның аверсінде орталық бөлігінде «QAZAQSTAN RESPUBLIKASY» жазбасының, монета номиналын және монета дайындалған металды, оның сынамасы мен массасын білдіретін жазбалардың қоршауында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген.

Монетаның реверсінде ортасында жартасты таулар аясында биік таулы «Медеу» мұз айдынының бейнесі орналасқан. Монетаны айналдыра жалпақ жиекте мынадай бедерлі жазулар орналасқан: монетаның соғылған жылы, мұз айдынының ресми ашылған жылы,

белгіленген әлемдік рекордтар саны, теңіз деңгейінен биіктігі және мұз айдынының және оның орналасқан жерінің мемлекеттік тілдегі, орыс және ағылшын тілдеріндегі атауы.

Номиналы 500 теңгелік коллекциялық монеталар төлемдердің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында олардың белгіленген құнымен қабылдануға, сондай-ақ банк шоттарына есепке алынуға және аударылуға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Күмістен жасалған монеталар кәдесыйлық орамда шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік тілдегі, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Коллекциялық монеталар Қазақстанның теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (717) 2 775 210

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz